«6D050800 – Есеп және аудит» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге арналған диссертацияға

АҢДАТПА

Әлімбекова Гаухар Ақылбекқызы

«Банкротқа ұшырау ықтималдығын болжау үшін басқарушылық есептің әдіснамасын жетілдіру»

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің банкротқа ұшырау ықтималдығын бағалау - бұл компаниялардың жай-күйі мен даму тұрақтылығын бақылау үшін негіз болып табылатын рәсім. Бұл көрсеткішті қадағалау компанияға уақытылы әрекет етіп, өз жоспарлары мен іс-қимылдарын түзетуге мүмкіндік береді. Өйткені, банкротқа ұшырауды болжауға жұмсалатын шығындар банкрот салдарынан болатын залалдан әлдеқайда аз болады. Банкрот салдарынан залал, ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар жағдайында оның тікелей стейкхолдерлеріне келтірілген залалмен шектелмейді, сондай-ақ ол аймақтың да, тұтас елдің де экономикасына айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін.

Банкроттық және қаржылық тұрақтылық бұл бір-біріне кереғар ұғымдар. Бірақ бұл кереғарлық оларды біріктіреді, өйткені олар бір ұйым қызметінің екі түрлі жай-күйі болып табылады. Егер компания қаржылық жағынан орнықты болса, онда банкрот оған қауіпті емес, ал егер оның қаржылық жағдайы тұрақты болмаса, онда бұл тұрақсыздық оны банкротқа ұшыратуы мүмкін. Демек, ұйым стейкхолдерлері дәл осы сипатына үнемі мониторинг жүргізуге және банкротқа ұшырау ықтималдығын және қаржылық тұрақтылықты жоғалтудың уақтылы алдын алуға мүдделі. Осы орайда, компания менеджментінің негізгі міндеті қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу және оны сақтап қалу, яғни банкротқа ұшырау ықтималдығын өте төмен деңгейде ұстап тұру немесе жол бермеу. Бұл мәселе мониторинг жүргізу мен банкроттың ерте алдын алу және қаржылық тұрақтылықты бағалау жүйелерін құру әрі пайдалану арқылы шешіледі. Бұл жүйелер барынша жедел ақпаратты пайдалануы және сыртқы, сол сияқты ішкі пайдаланушыларға банкротқа ұшырау ықтималдығын бағалауға мүмкіндік беруі тиіс. Осы мақсаттарда негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпараттық базаны қамтамасыз ететін басқарушылық есеп пен талдауы қолданылады. Басқарушылық есеп банкротқа ұшырау ықтималдығын азайту және компанияның қаржылық тұрақтылығын арттыру бағыттарын таңдау үшін ақпарат ұсынуға мүмкіндік береді.

Sınıflandırma: Genel
Classification: Public

Соңғы жылдары банкротқа ұшырау ықтималдығына мониторинг жүргізу мен бағалаудың көптеген әдістері жасалды және қолданылды, бірақ бұл салада әлі де әмбебап шешімдер жоқ. Банкротқа ұшырау ықтималдығын бағалаудың барлық әдістері қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін пайдаланады, алайда бүгінгі таңда қолданылатын көрсеткіштер сенімділік талаптарына толық сәйкес келмейді және әдетте, қаржылық есептілік деректерін пайдаланады, бұл қалыптасып қалған жағдайды ғана бағалауға мүмкіндік береді.

Алайда сыртқы, сол сияқты ішкі деректердің ықпалын ескере отырып, жедел деректер негізінде банкротқа ұшырау ықтималдығын перспективалық диагностикалауға және бағалауға қажеттілік бар әрі үдеп келеді.

Деректерді жинауға және банкротқа ұшырау ықтималдығын бағалауға және алынған ақпарат негізінде жедел және негізделген басқарушылық шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беретін басқарушылық есептің перспективалық әдістерін әзірлеуге қажеттілік бар деп пайымдауға болады. Бұл басқарушылық есеп алдына менеджментті осы мәселе бойынша жедел және сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету бойынша нақты және шұғыл міндеттерін қояды.

Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері. Басқарушылық есеп әдіснамасын дамыту және цифрлық технологиялар негізінде банкротқа ұшырау ықтималдығын болжаудың әдістемелік құралдарын әзірлеу осы зерттеудің мақсаты болып табылады.

Осы мақсат аясында жұмыс алдына келесі міндеттер қойылды:

– «...қаржылық тұрақтылықты жоғалту ықтималдығы» ұғымын зерттеу;

– *қаржылық тұрақтылық* анықтамасының оларды болжау мақсатында *банкротқа ұшырау, дефолт және дистресс* ұғымдарымен өзара байланысын анықтау;

– басқарушылық есеп әдіснамасына интеграциялау мақсатында кластерлік талдау негізінде қаржылық тұрақтылықты диагностикалау әдістемесін әзірлеу;

– қаржылық тұрақтылықты жоғалту ықтималдығын мониторингілеу және анықтау бойынша басқарушылық есептің сатылы процедурасын әзірлеу;

– статистикалық әдістерді басқарушылық есеп әдіснамасын қолдана отырып, ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын диагностикалау әдістемесін әзірлеу және болжау.

Басқарушылық есепті ұйымдастырудың теориялық, әдістемелік және практикалық мәселелерінің жиынтығы з*ерттеу пәні* болып табылады.

Цифрлық технологиялар және оларды ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын жоғалту және банкротқа ұшырау ықтималдығын болжау

Sınıflandırma: Genel
Classification: Public

үшін басқарушылық есеп жүйесіне интеграциялау мүмкіндігі *зерттеу объектісі* болып табылады.

Сондай-ақ, біз Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік ұйымдарын *Бақылау объектісі* ретінде алдық.

Қорғауға шығарылатын негізгі ғылыми ережелер: қаржылық тұрақтылық ұғымының анықтамасы нақтыланды, ол басқарушылық есеп жүйесімен компанияның банкротқа ұшырау ықтималдығын бағалау және болжау мақсатында қаржылық тұрақтылықтың барлық аспектілерін барынша толық көрсетеді;

- ұйымның қаржылық тұрақтылығын жоғалту көрсеткіштері ретінде банкротқа ұшырау, дистресс, дефолт және қаржылық тұрақтылық сияқты ұғымдардың өзара байланысы орнатылды;

- басқарушылық есеп әдіснамасына интеграциялау мақсатында факторлық және кластерлік талдау әдістерін қолдана отырып, қаржылық тұрақтылықты диагностикалау әдістемесі әзірленді;

- ол үшін қазақстандық өнеркәсіптік кәсіпорындардың деректері бойынша қаржылық тұрақтылық пен банкротқа ұшырау ықтималдығын болжаудың бірнеше танымал статистикалық модельдері есептелді және олардың тиімділігі салыстырылды;

- статистикалық әдістерді басқарушылық есеп әдіснамасында қолдана отырып, ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын диагностикалау және болжау әдістемесі ұсынылды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін отандық, сондай-ақ жақын және алыс шетел зерттеушілерінің ғылыми еңбектері мен жұмыстары құрайды.

Нормативтік-құқықтық база ретінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері және ЕАС пайдаланылды. Талдау үшін ҚР Статистика агенттігінің деректері және өнеркәсіптік ұйымдардың жарияланған қаржылық есептілігі пайдаланылды.

Зерттеу барысында бақылау, салыстыру, қаржылық талдау, топтастыру, экономикалық-математикалық модельдеу әдістері қолданылды, MS Excel және SPSS 24.0 бағдарламаларының көмегімен деректер өңделді.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу. Осы зерттеу нәтижелері және қорғауға шығарылатын ережелер келесі халықаралық конференцияларда баяндалды:

– 2017 жылғы 22 мамырдағы «Апробация» ғылыми-баспа орталығы өткізген «Әлеуметтік-экономикалық зерттеулердің өзекті мәселелері» атты 15-ші халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

Sınıflandırma: Genel
Classification: Public

Ұсынылған әдістемелер АҚ немесе ЖШС материалдарында сынақтан өткізілді және осы ұйымның басқарушылық есеп әдістемесіне енгізілді, 15.10.2024 ж. Енгізу актісі алынды (А-қосымшасы).

Зерттеу барысында алынған барлық нәтижелер мен материалдар жоғары оқу орындарында Есеп және аудит мамандығының Басқарушылық есеп пәнін оқытуда қолдануға болады.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар.

1.Alimbekova G.A., Kantarbayeva Sh., Abdildin S., Yerzhanova A., Kydyrbayeva Sh. Audit as a Tool for Preventing Bankruptcy Risks and Evaluating Development Prospects for Tourism Industry Companies // Journal of Environmental Management and Tourism. Volume XII, Issue 6(54) 2021 – 1617-1626p

2Байдильдина А.М., Алимбекова Г.А. Проблема прогнозирования банкротства // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2015. - № 3 (109). – С. 30-36.

3 Байдильдина А.М., Алимбекова Г. Количественные методики предсказания банкротства// Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2016. - № 1 (113). – С. 64-70.

4 Алимбекова Г.А. Мировой и отечественный опыт банкротства// Актуальные проблемы социально-экономических исследований - Махачкала, 22 мая 2017 г.– С. 98-101.

5 А. Байдильдина, П. Хайек, Г. Алимбекова. Analysis and management of business value in crisis conditions // The Journal of Economic Research & Business Administration. – 2018. – №3(125).

6 Алимбекова Г.А., Еспергенова Л.Р., Досманбетова А.С. Жасанды интеллектті пайдалану негізінде банкроттықты болжауға сыртқы аудиттің әсері// Государственный аудит. №4 (61) 2023. – С.184-193

Диссертация құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, үш қосымшадан тұрады.

Sınıflandırma: Genel
Classification: Public